ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 тамыз № 1112-24-00-2/2407 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
«MEDILLIN» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ МКК жауапкер «MEDILLIN» ЖШС-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «MEDILLIN» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «MEDILLIN» ЖШС 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Документ подписан: Кубенов Г. М., 29.08.2024
Дата вступления в законную силу: 08.10.2024, судья Кубенов Г. М., 04.11.2024
1112-24-3-1/2414

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Документ подписан: Кубенов Г. М., 29.08.2024

Дата вступления в законную силу: 08.10.2024, судья Кубенов Г. М., 04.11.2024

1112-24-3-1/2414